Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Национальный Банк Республики Казахстан
National Bank of Kazakhstan

## Қазақстан Ұлттық Банкінің

# Хабаршысы

1 Баспасөз релиздері

10 Шетел валюталарының ресми бағамдары

11 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі

19 Нормативтік құқықтық актілер

№ 10
16 – 31 мамыр 2013

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

Редакторы:
Ақышев Д.Т.– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

Редактордың орынбасары:
Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық
байланыстар департаментінің директоры;

Кеңес мүшелері:
Орлов П.Е.– Зерттеулер және стратегия департаменті кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы; Мадиярова Ә.Қ. – Төлем жүйелері департаменті төлем жүйелерін қадағалау басқармасының бастығы; Сарсенова Н.В.- Заң департаменті директорының орынбасары; Сәрсенбаева А.И. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаменті аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бас маман-аудармашысы;

Шығаруға жауапты:
Шабанова Н.Н. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық
байланыстар департаменті қоғамдық байланыстар басқармасының бас маманы.

Құрылтайшы – Қазақстан Ұлттық Банкі

Басылым ҚР  Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тіркелді

Қазақстан Ұлттық Банкі

1995 жылдан бастап шығарылады

Асыл кітап

«АСЫЛ КІТАП» БАСПА ҮЙІ ЖШС
Қазақстан Республикасы
050009, Алматы қаласы
Абай даңғылы, 143
asylkitap@mail.ru
+7 (727)394 41 67

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**
**ҰЛТТЫҚ БАНКІ**
**№17 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ**
**2013 жылғы 17 мамыр**

*Қаржы нарығындағы ахуал туралы*

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2013 жылғы сәуірде инфляция 0,3% (2012 жылғы сәуірде – 0,7%) деңгейінде қалыптасты. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,2% (0,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,2% (0,5%-ға) өсті. Ақылы қызмет көрсету тарифтері 0,5%-ға (1,2%-ға) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2013 жылғы сәуірде көп дәрежеде жұмыртқа 1,6%-ға, макарон өнімдері 0,4%-ға, балық және теңіз өнімдері 0,4%-ға, қант 0,3%-ға, ет және ет өнімдері 0,3%-ға, сүт өнімдері 0,1%-ға қымбаттады. Сонымен қатар жарманың бағасы 1,3%-ға, оның ішінде қарақұмық жармасы бағасының 2,4%-ға, май және тоң май 0,3%-ға, күнбағыс майының 0,8%-ға, күріш, жемістер мен көкөністердің 0,1%-ға төмендеуі тіркелді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында киім мен аяқ киім бағасы 0,3%-ға, күнделікті үй заттары 0,3%-ға, дәрі-дәрмек 0,2%-ға көтерілді. Бензиннің құны өзгерген жоқ, дизель отынының құны 0,3%-ға өсті.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтерінің ақысы 0,6%-ға өсті. Бұл ретте салқын су тарифі 4,0%-ға, кәріз 2,7%-ға, қоқысты жинау 1,7%-ға, бөлу желілері бойынша тасымалданатын газ 1,0%-ға өсті. Сонымен қатар өткен айда байланыс қызметінің бағасы өзгерген жоқ, көлік қызметінің бағасы 0,2%-ға көтерілді. Медициналық қызметтер бағасы 1,0%-ға қымбаттады.

2013 жылғы қаңтар-сәуірде инфляция 2,2% (2012 жылғы қаңтар-сәуірде 1,7%) құрады. Азық-түлік тауарлары 2013 жылдың басынан бастап 1,3%-ға (2,0%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,8%-ға (1,3%-ға), ақылы қызметтер 4,6%-ға (1,8%-ға) қымбаттады (1-график).

1-график

**2012 және 2013 жж. қаңтар-сәуірдегі инфляция және оның құрамдас бөліктері**




2013 жылғы сәуірде инфляция жылдық көрсетуде 6,4% құрады (2012 жылғы желтоқсанда – 6,0%). Азық-түлік тауарлары соңғы 12 айда 4,6% (5,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 3,0% (3,5%-ға), ақылы қызмет көрсету 12,3% (9,3%-ға) қымбаттады.

## 2. 2013 жылғы 1-тоқсандағы төлем балансы (алдын ала нәтижелер)

Төлем балансын алдын ала бағалау бойынша ағымдағы операциялар шотының профициті 2013 жылғы 1-тоқсанда 1,6 млрд. АҚШ долл. құрады, бұл 2012 жылғы 1-тоқсандағы осындай көрсеткіштен 2 еседей төмен.

Сауда балансының профициті 18,4%-ға төмендеп, 10,0 млрд. АҚШ долл. (2012 жылғы 1-тоқсанда

12,3 млрд. АҚШ долл.), ал кірістермен операциялар бойынша ресурстардың нетто-әкетілуі (жалақыны және инвестициялық кірістердің балансын қоса алғанда) 2012 жылғы 1-тоқсандағы 7,4 млрд. АҚШ долларымен салыстырғанда 6,4 млрд. АҚШ долл. болып бағаланады.

Ағымдағы шоттың басқа құрамдас бөліктері бойынша халықаралық қызметтер мен трансферттердің теріс дисбалансторы тиісінше 1,8 млрд. АҚШ долл. және 0,2 млрд. АҚШ долл. құрады.

Алдын ала бағалау бойынша капиталмен және қаржымен операциялар шотының теріс балансы (қателер мен қалып қоюларды есептегенде) 2013 жылғы 1-тоқсанда 1,4 млрд. АҚШ долл. құрады.

Шет елге тікелей инвестициялар бойынша нетто-әкету 1,9 млрд. АҚШ долл. (2012 жылғы 1-тоқсанда 0,6 млрд. АҚШ долл.) құрады. Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) таза түсімі 2012 жылғы 1-тоқсандағы 5,8 млрд. АҚШ долл. салыстырғанда 3,7 млрд. АҚШ долл. болып бағаланады. Осылайша, 2013 жылғы 1-тоқсанда тікелей инвестициялау операциялары бойынша оң баланс 2012 жылғы 1-тоқсандағы 5,1 млрд. АҚШ долл. салыстырғанда алдын ала 1,8 млрд. АҚШ долл. болды.

Портфельдік инвестициялар бойынша 1,9 млрд. АҚШ долл. мөлшеріндегі нетто-әкету Ұлттық қордың шетелдік активтерінің 2,4 млрд. АҚШ долл. өсуімен қамтамасыз етілді. Бұдан басқа 2013 жылғы 1-тоқсан 425 млн. АҚШ долл.  сомасына «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ еурооблигацияларын қосымша орналастырумен ерекшеленді.

2013 жылғы 1-тоқсандағы есептік төлем балансы Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция бойынша нұсқаулыққа (6-басылым, ХВҚ, 2009 жыл) сәйкес қалыптастырылатын және 2013 жылғы 28 маусымда жарияланатын болады.

### 3. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары

2013 жылғы сәуірде Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді. Ұлттық Банктің жиынтық халықаралық резервтері 6,0%-ға 26,4 млрд. АҚШ долл. дейін азайды (жылдың басынан бастап 6,6%-ға төмендеу). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері негізінен Ұлттық қордың активтерін толықтыру мақсатында валютаны сату есебінен 6,1%-ға қысқарып, 25,9 млрд. АҚШ долл. құрады (жыл басынан бастап 6,7%-ға төмендеу). Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 2013 жылғы сәуірде 6,0%-ға төмендеді. Алтындағы активтер жүргізілген операциялар және әлемдік нарықтарда оның бағасының төмендеуі салдарынан 6,1%-ға қысқарды.

2013 жылғы сәуірде елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 62,4 млрд. АҚШ долл.) 88,8 млрд. АҚШ долларына дейін 1,0%-ға өсті (жылдың басынан бастап 3,2%-ға өсу).

2013 жылғы сәуірде ақша базасы 6,3%-ға тарылып, 2852,9 млрд. теңге болды (жыл басынан бері 1,3% тарылды). Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 2773,3 млрд. теңгеге дейін 2,2%-ға тарылды.

2013 жылғы наурызда ақша массасы 11078,2 млрд. теңгеге дейін 5,1%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 5,3% өсті). Айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1428,4 млрд. теңгеге дейін 1,3% өсті (жыл басынан бері 6,5% төмендеді), банк жүйесіндегі депозиттер 5,7%-ға ұлғайып, 9649,9 млрд. теңге болды (жыл басынан бері 7,3% өсті). Депозиттердің ақша массасының құрылымындағы үлесі айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің қысқаруы аясында депозиттер көлемінің өсуі салдарынан 2013 жылғы ақпандағы 86,6%-дан 2013 жылғы наурыздағы 87,1%-ға дейін өсті.

Ақша мультипликаторы ақша массасының 2013 жылғы наурызда тіркелген өсу (5,1%) қарқынымен салыстырғанда ақша базасы кеңеюінің басым қарқыны салдарынан 2012 жылғы ақпандағы 4,01-ден 2013 жылғы наурыздың қорытындысы бойынша 3,64-ке дейін төмендеді.

### 4. Валюта нарығы

2013 жылғы сәуірде теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 150,72–151,24 теңге аралығында өзгерді. Айдың соңында теңгенің  биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 151,23 теңге болды.

2013 жылғы сәуірде Қазақстан Қор Биржасындағы биржалық операциялардың көлемі қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда 2013 жылғы наурызбен салыстырғанда 55,3% ұлғайып, 4,8 млрд. АҚШ долл. болды. Биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі 39,5% ұлғайып,

1,3 млрд. АҚШ долл. құрады.

Жалпы алғанда ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 51,6% ұлғайып, 6,1 млрд. АҚШ долл. болды.

### 5. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2013 жылғы сәуірде Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 5 аукцион өткізілді. Оларда 12 айлық МЕККАМ (19,5 млрд. теңге), 4 жылдық МЕОКАМ (13,2 млрд. теңге), 6 жылдық МЕУКАМ (14,4 млрд. теңге), 10 жылдық МЕУКАМ (13,2 млрд. теңге), 11 жылдық МЕУЖКАМ (10 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 12 айлық МЕККАМ бойынша 2,65%, 4 жылдық МЕОКАМ бойынша– 4,04%, 6 жылдық МЕУКАМ бойынша– 5,65%, 10 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,10%, 11 жылдық МЕУЖКАМ бойынша – инфляция деңгейінен 0,01% құрады.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі өткен аймен салыстырғанда 0,6% азая отырып, 2013 жылғы сәуірдің аяғында 3016,9 млрд. теңге құрады.

**Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары.** Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі 2013 жылғы наурызбен салыстырғанда 3,1 есе ұлғайып, 2013 жылғы сәуірде 19,2 млрд. теңге болды.

Бұл ретте 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 2 аукцион (11,4 млрд. теңге және 5,7 млрд. теңге) және 6 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион (2,1 млрд. теңге) өтті.

3 айлық ноттар бойынша тиімді кірістілік 1,05%, 6 айлық ноттар бойынша 1,50% құрады.

Айналыстағы ноттардың көлемі 2013 жылғы наурызбен салыстырғанда 12,3% қысқарып, 2013 жылғы сәуірдің аяғында 89,4 млрд. теңге құрады.

### 6. Банкаралық ақша нарығы

2013 жылғы наурызда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2013 жылғы ақпанмен салыстырғанда 21,5%-ға азайып, баламасы 1946,5 млрд. теңге болды.

Орналастырылған теңгедегі банкаралық депозиттердің көлемі 0,9% төмендеді және 479,0 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 24,6%) болды. Бұл ретте орналастырылған теңгедегі банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы наурызда өзгерген жоқ – 0,57%.

2013 жылғы наурызда орналастырылған доллардағы депозиттердің көлемі ақпанмен салыстырғанда 28,3%-ға азайды және 9,1 млрд. АҚШ долл. (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 70,8%) болды. Орналастырылған доллардағы депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы наурызда өзгерген жоқ 0,10%.

Еуродағы және рубльдегі депозиттерге орналастыру көлемі шамалы ғана – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен тиісінше 4,0% және 0,6%.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі 2013 жылғы наурызда орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 80,5%-дан 75,4%-ға дейін төмендеді. Орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінен шетел валютасында резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі 80,4%-дан 75,4%-ға дейін азайды.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2013 жылғы наурызда 2013 жылғы ақпанмен салыстырғанда 472,2 млрд. теңгеге дейін 0,7%-ға төмендеді.

### 7. Депозит нарығы

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің жалпы көлемі 2013 жылғы наурызда 9649,9 млрд. теңгеге дейін 5,7%-ға ұлғайды (жылдың басынан бастап өсу 7,3%). Заңды тұлғалардың депозиттері бір айда 6154,2 млрд. теңгеге дейін 8,8%, жеке тұлғалар - 3495,7 млрд. теңгеге дейін 0,7%-ға ұлғайды.

2013 жылғы наурызда ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 6560,3 млрд. теңгеге дейін 3,2%-ға өсті (заңды тұлғалар – 3,9%-ға өсу, жеке тұлғалар – 1,8%-ға өсу), шетел валютасында 3089,6 млрд. теңгеге дейін 11,5%-ға ұлғайды (заңды тұлғалар – 23,6%-ға өсу, жеке тұлғалар – 1,0%-ға төмендеу). Теңгемен депозиттердің үлес салмағы бір айда 69,6%-дан 68,0%-ға дейін төмендеді.

Банктердегі халықтың салымдары (резидент еместерді қоса есептегенде) 2013 жылғы наурызда 3531,7 млрд. теңгеге дейін 0,7%-ға өсті. Халықтың салымдары құрылымында теңгедегі депозиттер 2161,8 млрд. теңгеге дейін 1,7%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы депозиттер 1369,9 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға төмендеді. Халық салымдарының құрамында теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 60,6%-дан 61,2%-ға дейін ұлғайды.

2013 жылғы наурызда мерзімді депозиттер 6167,5 млрд. теңгеге дейін 4,2%-ға өсті. Мерзімді депозиттердің құрамында теңгедегі депозиттер 4144,5 млрд. теңгеге дейін 3,4%-ға өсті, шетел валютасындағы депозиттер 2022,9 млрд. теңгеге дейін 5,8%-ға өсті.

2013 жылғы наурызда банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2,8% (2013 жылғы ақпанда – 2,5%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 6,8% (7,9%) болды.

**8. Кредит нарығы**

2013 жылғы наурызда банктердің экономикаға кредит беруінің жалпы көлемі 10118,2 млрд. теңгені құрап, 1,2%-ға артты (жыл басынан 1,6%-ға өсті).

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 7262,6 млрд. теңгеге дейін 1,6%-ға өсті, шетел валютасындағы кредиттердің көлемі 2855,6 млрд. теңге құрап, айтарлықтай өзгерген жоқ. Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы бір айда 71,4%-дан 71,8%-ға дейін өсті.

2013 жылғы наурызда ұзақ мерзімді кредиттеу 8172,1 млрд. теңгені құрап, 1,2%-ға өсті, қысқа мерзімді кредиттеу 1946,2 млрд. теңгеге дейін 0,8%-ға ұлғайды. Ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 80,7%-дан 80,8%-ға дейін артты.

2013 жылғы наурызда заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 7152,4 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға артты, жеке тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2965,8 млрд. теңгеге дейін 1,6%-ға ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда 29,2%-дан 29,3%-ға дейін ұлғайды.

2013 жылғы наурызда шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 1385,1 млрд. теңгеге дейін 0,3%-ға төмендеді, бұл экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 13,7%-ын құрайды.

Банктердің экономикаға берілген кредиттерінің неғұрлым айтарлықтай сомасы салалық бөлуде сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 20,2%), құрылыс (13,5%), өнеркәсіп (12,0%), көлік (4,2%) және ауыл шаруашылығы (3,4%) сияқты салаларға тиесілі.

2013 жылғы наурызда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 10,6% (2013 жылғы ақпанда – 10,4%), жеке тұлғаларға – 21,6% (20,9%) болды.

**Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына 2013 жылғы 1-тоқсан бойынша жүргізілген мониторингінің қорытындысы туралы**

2013 жылғы сәуірде экономиканың нақты секторындағы 2013 жылғы 1-тоқсандағы ахуалды бағалау мақсатында кәсіпорындардың кезекті мониторингі жүргізілді. Ел экономикасының негізгі салаларын білдіретін мониторингке қатысушы кәсіпорындардың саны 2012 жылғы 4-тоқсандағы пікіртеріммен салыстырғанда 2511-ден 2546-ға дейін өсті, оның ішінде орташа мен ірілер 1519 болды.

2013 жылғы 1-тоқсанда шаруашылық қызметіне теңге бағамының АҚШ долларына, еуроға және Ресей рубліне қатынасы бойынша өзгеруінің жағымсыз әсеріне ұшыраған кәсіпорындардың үлесі айтарлықтай азайды (тиісінше 12,6%, 10,2% және 11,4%-ға дейін). Кәсіпорындардың көпшілігі шаруашылық қызметіне теңге бағамының осы валюталарға қатынасы бойынша (тиісінше 63,4%, 65,4% және 64,7%) өзгеруінің ықпалын сезінбеді.

2013 жылғы 1-тоқсанда кредит алған кәсіпорындардың үлесі аздап ұлғайды (2012 жылғы 4-тоқсандағы 20,5%-дан 21%-ға дейін), ал банк кредиттері бойынша берешегі бар кәсіпорындардың саны алдыңғы тоқсанның деңгейінде қалды және 37,8% құрады. Кәсіпорындардың 24,7%-ы 2013 жылғы 2-тоқсанда кредит алуға ниет білдіріп отыр (2013 жылғы 1-тоқсанда - 22,7%).

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі жалпы алғанда нашарлады: негізгі құрал-жабдықтарды меншікті қаражаты есебінен қаржыландырған кәсіпорындардың үлесі 2012 жылғы 4-тоқсандағы 61,1%-дан 56,3%-ға дейін төмендеді, сондай-ақ осы мақсаттарға банк кредиттерін пайдаланатын

кәсіпорындардың үлесі аздап төмендеді (2012 жылғы 4-тоқсандағы 6,2%-дан 5,9%-ға дейін). Бұл ретте, теңгедегі кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелер деңгейі іс жүзінде алдыңғы тоқсан деңгейінде қалды және 12,1%-ды құрады, шетел валютасындағы кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелердің 9,7%-ға дейін біршама төмендегені байқалып отыр.

Жалпы алғанда, экономиканың нақты секторы бойынша кәсіпорындардың дайын өніміне деген сұраныс төмендеді. Бұл ретте, сұраныстың бәсеңдеуін кәсіпорындардың 24,2%-ы (2012 жылғы 4-тоқсанда – 21%), ұлғаюын респонденттердің 17,6%-ы (2012 жылғы 4-тоқсанда – 24,6%) атап өтті. Дайын өнімге сұраныстың төмендеуі «электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу», «ауыл шаруашылығы» салаларын және сұраныстың өсу қарқыны бәсеңдеген өндіруші өнеркәсіпті қоспағанда, барлық салаларда байқалды. 2013 жылғы 2-тоқсанда дайын өнімге сұраныстың едәуір өсуі күтілуде.

2013 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындардың дайын өніміне бағаның өсуі қалыпты түрде жалғасты, бірақ баяу қарқынмен жүзеге асты. Бағаның өсу қарқынының төмендеуі байқалған ауыл шаруашылығын, көлік пен байланысты және өңдеуші өнеркәсіпті қоспағанда, барлық салалар аталған үрдіспен қамтылды.

2013 жылғы 2-тоқсанда жалпы экономиканың нақты секторы бойынша, сондай-ақ өндірушілердің тұтынушылық өнімдер мен қызметтерді іріктеуі бойынша баға өсуінің бәсеңдеу үрдісі күтіліп отыр.

2013 жылғы 1-тоқсанда шикізат пен материалдарға бағаның өсу қарқыны аздап ұлғайды. Жалпы алғанда, іріктеу бойынша шикізат пен материалдарға бағаның өсуін атап көрсеткен кәсіпорындардың үлесі 48,9%-ды құрады, кәсіпорындардың 1,8% бағалардың төмендегенін атап өтсе, кәсіпорындардың қалған 49,3% бағалардың өзгермегенін алдыға тартады. 2013 жылғы 2-тоқсанда бағалар өсуінің біршама бәсеңдеуі күтілуде. Шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқынының бәсеңдеуі орташа алғанда нақты сектор бойынша 2011 жылғы 2-тоқсаннан бастап іске аса бастағанын атап өткен жөн.

Нақты сектордың қаржылық жағдайы, жалпы алғанда, 2013 жылғы 1-тоқсанда нашарлай бастады: рентабельділігі төмен және шығынға ұшырағыш кәсіпорындардың үлесі (2012 жылғы 4-тоқсандағы 22,5%-дан) 26,5%-ға дейін ұлғайды, рентабельділігі орташа және жоғары кәсіпорындардың үлесі (2012 жылғы 4-тоқсандағы 77,5%-дан) 73,5%-ға дейін төмендеді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**
**ҰЛТТЫҚ БАНКІ**
**№18 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ**
**2013 жылғы 28 мамыр**

*«Шайбалы хоккей. Олимпиада ойындары 2014»,*
*«Сырықпен секіру. Олимпиада ойындары 2016»*
*ескерткіш күміс монеталарын айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 28 мамырдан бастап «proof» сапасымен номиналдық құны 100 теңгелік **«Шайбалы хоккей. Олимпиада ойындары 2014»** және **«Сырықпен секіру. Олимпиада ойындары 2016»** ескерткіш күміс монеталарын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

**«Шайбалы хоккей. Олимпиада ойындары 2014»** монетасының бет жағында (аверсінде) стадионның стильдендірілген бейнесінің ішінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген, монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 31,1g» деген жазу және соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан бар. Сол жақ бөлігінде екі жолға орналастырылған және монетаның номиналын білдіретін «100 TENGE» деген жазу орналасқан. Жоғарғы бөлігінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің логотипі орналасқан. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу ойып жазылған және шығыңқы жиек бар.






«Шайбалы хоккей. Олимпиада ойындары 2014» монетасының сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде хоккей алаңындағы ойынның сәті бейнеленген. Төменгі бөлігінде Олимпиада ойындарының өткізілетін жылын білдіретін «2014» деген сан бар. Айналдыра ағылшын тілінде «OLYMPIC GAMES» деген жазу және шығыңқы жиек бар.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монета 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61мм., дайындау сапасы – «proof», ең көп таралымы - 8 мың дана.






**«Сырықпен секіру. Олимпиада ойындары 2016»** монетасының бет жағында (аверсінде) стадионның стильдендірілген бейнесінің ішінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген, монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 24g» деген жазу және соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан бар. Сол жақ бөлігінде екі жолға орналастырылған және

монетаның номиналын білдіретін «100 TENGE» деген жазу орналасқан. Жоғарғы бөлігінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің логотипі орналасқан. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу ойып жазылған және шығыңқы жиек бар.

«Сырықпен секіру. Олимпиада ойындары 2016» монетасының сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде спортсменнің сырықтан секіру жарысы сәтіндегі бейнесі бейнеленген. Сол жақ бөлігінде Олимпиада ойындарының өткізілетін жылын білдіретін «2016» деген сан бар. Айналдыра ағылшын тілінде «OLYMPIC GAMES» деген жазу және шығыңқы жиек бар.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монета 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 24 грамм, диаметрі – 37 мм., дайындау сапасы – «proof», ең көп таралымы - 8 мың дана.

Номиналы 100 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсіндірмесі**

«Шайбалы хоккей. Олимпиада ойындары 2014», «Сырықпен секіру. Олимпиада ойындары 2016» ескерткіш монеталары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, MDM MUNZHANDELSGESELL-SCHAFT MbH & Co.KG DEUTSCHE MUNZE компаниясы және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны арасындағы Монеталар шығаруға және сатуға арналған келісімге сәйкес дайындалды.

Осы Келісім бойынша:

- MDM MUNZHANDELSGESELLSCHAFT MbH & Co.KG DEUTSCHE MUNZE компаниясы Қазақстаннан тыс жерлерде тарату немесе сату үшін Ұлттық Банктен тиісті монеталарды сатып алады;
- Қазақстан теңге сарайы монеталарды дайындайды және жеткізеді;
- Ұлттық Банк дайындалатын монеталардың бір бөлігін (3 мың данадан) коллекциялық құны бойынша Қазақстанның ішкі нарығында сату үшін резервтейді.

Ескерткіш монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлықораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады, Алматы қаласындағы мекенжайы: Панфилов көшесі, 98. Анықтама телефоны +7 (727) 273-83-98.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**
**ҰЛТТЫҚ БАНКІ**
**№19 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ**
**2013 жылғы 28 мамыр**

*М. Жұмабаевтың 120 жылдығына*
*арналған ескерткіш монетаны айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 28 мамырдан бастап нейзильбер қоспасынан жасалған номиналдық құны 50 теңгелік М. Жұмабаевтың 120 жылдығына арналған ескерткіш монетаны айналысқа шығару туралы хабарлайды.

**«М. Жұмабаевқа 120 жыл»** ескерткіш монетасының бет жағында (аверсінде) жоғарғы бөлігінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Елтаңбаның оң жағында «ҚҰБ» деген аббревиатура бар. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «50 ТЕҢГЕ» деген жазу бар. Номиналдың сол және оң жағында ұлттық өрнектің элементі бейнеленген. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу және шығыңқы жиек бар.







Монетаның сырт жағында (реверсінде) стильдендірілген ашық кітаптың бейнесі берілген, оң жақ бетінде Мағжан Жұмабаевтың бейнесі, сол жақ бетінде төрт жолға орналастырылып мемлекеттік тілде «МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ 120 ЖЫЛ» деген жазу бейнеленген. Монетаның жоғарғы бөлігінде монетаның соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан орналасқан. Айналдыра шығыңқы жиек бар.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монета нейзильбер қоспасынан жасалған, диаметрі – 31 мм., массасы – 11,17 грамм, таралымы – 100 мың дана.

Номиналы 50 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсіндірмесі**

2013 жылғы 25 маусымда жазушы, публицист, педагог, жаңа қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Мағжан Жұмабаевтың туылғанына 120 жыл толады.

*«Ағылшындықтар үшін Шекспирдің, орыстар үшін Пушкиннің орны қандай болса, қазақ халқы үшін Мағжан Жұмабаевтың да орны сондай». // ҚазКСР ҒА академигі Әлкей Марғұлан.*

Ескерткіш монетаны «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монетаның дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

Нейзильбер қоспасынан жасалған ескерткіш монеталардың бір мың данасы жақсартылған сапамен дайындалды және арнайы пластикалық термовакуумды орауға салынған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады, Алматы қаласындағы мекенжайы: Панфилов көшесі, 98. Анықтама телефоны +7 (727) 273-83-98.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39*
*E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz*

**Шетел валюталарының 2013 жылғы ресми айырбастау бағамдары**

| | | 17.05 | 18-20.05 | 21.05 | 22.05 | 23.05 | 24.05 | 25-27.05 | 28.05 | 29.05 | 30.05 | 31.05 | **Мамыр** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Австралия доллары** | **AUD** | 148,2 | 146,93 | 147,7 | 147,6 | 147,08 | 145,69 | 145,86 | 145,75 | 145,82 | 144,48 | 145,91 | **149,60** |
| **Ағылшын фунт стерл.** | **GBP** | 229,91 | 229,81 | 229,46 | 228,87 | 227,54 | 227,24 | 227,89 | 228,54 | 227,54 | 227,38 | 229,14 | **230,78** |
| **Белорусь рублі** | **BYR** | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 | 0,02 | **0,02** |
| **Бразилия реалы** | **BRL** | 74,73 | 74,48 | 74,17 | 73,97 | 74,09 | 73,62 | 73,75 | 73,58 | 73,33 | 72,69 | 71,62 | **74,31** |
| **Венгер форинті** | **HUF** | 0,67 | 0,67 | 0,67 | 0,67 | 0,68 | 0,67 | 0,67 | 0,68 | 0,67 | 0,68 | 0,68 | **0,67** |
| **1 Гонконг доллары** | **HKD** | 19,46 | 19,44 | 19,45 | 19,44 | 19,43 | 19,43 | 19,42 | 19,44 | 19,43 | 19,44 | 19,46 | **19,46** |
| **Дат кронасы** | **DKK** | 26,09 | 26,06 | 26,07 | 26,05 | 26,18 | 26,09 | 26,26 | 26,21 | 26,13 | 26,1 | 26,28 | **26,30** |
| **Дихрам ОАЭ** | **AED** | 41,14 | 41,1 | 41,1 | 41,07 | 41,06 | 41,05 | 41,04 | 41,09 | 41,07 | 41,09 | 41,13 | **41,11** |
| **АҚШ доллары** | **USD** | 151,1 | 150,95 | 150,95 | 150,84 | 150,81 | 150,79 | 150,74 | 150,94 | 150,84 | 150,92 | 151,08 | **151,00** |
| **Еуро** | **EUR** | 194,42 | 194,17 | 194,27 | 194,09 | 195,04 | 194,43 | 195,74 | 195,35 | 194,72 | 194,51 | 195,85 | **195,95** |
| **Канада доллары** | **CAD** | 148,37 | 147,31 | 146,92 | 146,86 | 146,72 | 145,66 | 145,84 | 146,26 | 145,77 | 145,17 | 145,97 | **147,84** |
| **Қытай юаны** | **CNY** | 24,57 | 24,58 | 24,59 | 24,59 | 24,6 | 24,58 | 24,59 | 24,66 | 24,64 | 24,63 | 24,64 | **24,59** |
| **Кувейт динары** | **KWD** | 528,14 | 527,8 | 527,43 | 527,04 | 527,12 | 526,32 | 526,14 | 527,95 | 527,23 | 527,32 | 528,44 | **528,94** |
| **Қырғыз сомы** | **KGS** | 3,14 | 3,13 | 3,13 | 3,12 | 3,12 | 3,12 | 3,12 | 3,13 | 3,13 | 3,13 | 3,14 | **3,13** |
| **Латвия латы** | **LVL** | 278,32 | 277,89 | 277,99 | 277,48 | 278,86 | 277,85 | 279,67 | 278,74 | 277,89 | 277,63 | 279,47 | **280,09** |
| **Литва литі** | **LTL** | 56,34 | 56,26 | 56,28 | 56,22 | 56,5 | 56,32 | 56,69 | 56,58 | 56,42 | 56,35 | 56,74 | **56,77** |
| **Малазия ринггитті** | **MYR** | 50,18 | 49,98 | 50,1 | 50 | 49,93 | 49,74 | 49,7 | 49,89 | 49,6 | 49,03 | 49,21 | **49,97** |
| **Молдова лейі** | **MDL** | 12,28 | 12,27 | 12,2 | 12,08 | 12,09 | 12,08 | 12,08 | 12,13 | 12,09 | 12,08 | 12,09 | **12,25** |
| **Норвег кронасы** | **NOK** | 25,77 | 25,81 | 25,86 | 25,82 | 26,1 | 25,84 | 25,97 | 25,94 | 25,81 | 25,6 | 25,69 | **25,91** |
| **Польша злотыйы** | **PLN** | 46,5 | 46,42 | 46,63 | 46,44 | 46,7 | 46,3 | 46,56 | 46,59 | 46,48 | 45,98 | 46,11 | **46,94** |
| **Сауд Аравиясының риялы** | **SAR** | 40,29 | 40,25 | 40,25 | 40,22 | 40,21 | 40,21 | 40,2 | 40,25 | 40,22 | 40,25 | 40,28 | **40,27** |
| **Ресей рублі** | **RUB** | 4,81 | 4,8 | 4,83 | 4,83 | 4,83 | 4,8 | 4,82 | 4,82 | 4,8 | 4,78 | 4,78 | **4,82** |
| **СДР** | **XDR** | 225,19 | 225,05 | 225,13 | 224,86 | 224,74 | 224,99 | 224,84 | 225,68 | 225,53 | 225,36 | 225,69 | **226,35** |
| **Сингапур доллары** | **SGD** | 120,69 | 120,24 | 120,4 | 119,9 | 119,67 | 119,24 | 119,25 | 119,92 | 119,19 | 118,88 | 119,59 | **120,89** |
| **Тәжік сомоні** | **TJS** | 31,76 | 31,73 | 31,98 | 31,72 | 31,7 | 31,7 | 31,7 | 31,98 | 31,72 | 31,73 | 31,77 | **31,79** |
| **1 түрік лирі** | **TRY** | 82,96 | 82,28 | 81,93 | 81,6 | 81,96 | 81,53 | 81,77 | 81,83 | 81,6 | 81,01 | 81,09 | **82,76** |
| **Өзбек сумы** | **UZS** | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,07 | **0,07** |
| **Украин гривнасы** | **UAH** | 18,57 | 18,58 | 18,51 | 18,55 | 18,55 | 18,55 | 18,47 | 18,51 | 18,51 | 18,52 | 18,56 | **18,58** |
| **Чех кронасы** | **CZK** | 7,49 | 7,47 | 7,45 | 7,42 | 7,51 | 7,46 | 7,54 | 7,53 | 7,5 | 7,51 | 7,58 | **7,57** |
| **Швед кронасы** | **SEK** | 22,64 | 22,63 | 22,63 | 22,66 | 22,82 | 22,63 | 22,73 | 22,75 | 22,68 | 22,62 | 22,81 | **22,85** |
| **Швейцар франкі** | **CHF** | 156,01 | 156,17 | 155,99 | 155,91 | 155,54 | 156,05 | 156,27 | 157,11 | 155,71 | 155,52 | 157,51 | **157,99** |
| **Оңтүстік Африка рандысы** | **ZAR** | 16,2 | 16,02 | 16,07 | 15,89 | 15,86 | 15,63 | 15,76 | 15,74 | 15,59 | 15,35 | 15,41 | **16,20** |
| **100 Оңтүстік Корея воны** | **KRW** | 13,54 | 13,52 | 13,52 | 13,58 | 13,54 | 13,36 | 13,38 | 13,45 | 13,39 | 13,32 | 13,39 | **13,58** |
| **1 жапон йенасы** | **JPY** | 1,47 | 1,47 | 1,47 | 1,47 | 1,47 | 1,49 | 1,48 | 1,5 | 1,48 | 1,49 | 1,5 | **1,50** |

## ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

### 1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

| | Кезең соңындағы ресми бағам | Кезеңдегі орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін | | Қазақстан қор биржасының сауда-саттық көлемі |
|---|---|---|---|---|
| | USD/KZT | USD/KZT | %* | млн. $ |
| **29.04-04.05** | **151,07** | **151,20** | **0,24** | **691,55** |
| **06.05-10.05** | **151,01** | **150,99** | **0,10** | **464,45** |
| | | | | |
| **13.05-17.05** | **151,10** | **151,09** | **0,07** | **1 012,80** |
| 13.05.2013 | 150,96 | 151,10 | 0,09 | 273,20 |
| 14.05.2013 | 151,10 | 151,12 | 0,01 | 154,60 |
| 15.05.2013 | 151,12 | 151,21 | 0,06 | 204,15 |
| 16.05.2013 | 151,21 | 151,10 | -0,07 | 127,40 |
| 17.05.2013 | 151,10 | 150,95 | -0,10 | 253,45 |
| **20.05-24.05** | **150,84** | **150,81** | **-0,18** | **1 452,40** |
| 20.05.2013 | 150,95 | 150,95 | 0,00 | 176,55 |
| 21.05.2013 | 150,95 | 150,84 | -0,07 | 337,90 |
| 22.05.2013 | 150,84 | 150,81 | -0,02 | 221,10 |
| 23.05.2013 | 150,81 | 150,79 | -0,01 | 276,45 |
| 24.05.2013 | 150,79 | 150,74 | -0,03 | 440,40 |

* - *өткен кезеңге өзгерістер*



## 2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

***Мемлекеттік бағалы қағаздардың алғашқы нарығы***

| | сұранұыстың ұсыныстан артуы, есе | сұраныстың қанағаттандырылуы, % | кезеңдегі орташа тиімді түсімділік, % | қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге |
|---|---|---|---|---|
| Қаржыминінің МБҚ | | | | |
| 18.03-20.03 | 1,61 | 61,96 | 5,14 | 13,0 |
| 26.03-29.03 | 1,94 | 53,30 | 5,21 | 10,3 |
| 01.04-05.04 | 1,77 | 78,60 | 2,65 | 19,5 |
| 08.04-12.04 | 1,76 | 52,07 | 5,04 | 27,5 |
| 15.04-19.04 | - | - | - | - |
| 22.04-26.04 | 1,54 | 65,98 | 6,10 | 13,2 |
| 29.04-04.05 | 4,97 | 19,80 | 0,34 | 23,6 |
| 06.05-10.05 | - | - | - | - |
| 13.05-17.05 | 1,45 | 100,69 | 5,87 | 30,2 |
| 20.05-24.05 | 1,35 | 38,09 | 6,10 | 6,67 |
| Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары | | | | |
| 18.03-20.03 | - | - | - | - |
| 26.03-29.03 | 0,20 | 51,2 | 1,05 | 2,1 |
| 01.04-05.04 | - | - | - | - |
| 08.04-12.04 | 1,14 | 100 | 1,05 | 11,4 |
| 15.04-19.04 | 0,57 | 100 | 1,05 | 5,7 |
| 22.04-26.04 | 0,21 | 100 | 1,51 | 2,1 |
| 29.04-04.05 | 0,17 | 100 | 1,05 | 1,7 |
| 06.05-10.05 | - | - | - | - |
| 13.05-17.05 | 0,59 | 100 | 1,05 | 5,9 |
| 20.05-24.05 | - | - | - | - |

**Теңгемен номинирленген МБҚ нарығы**



***Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)***

| | Көлемі млн. теңге | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | оның ішінде Қаржыминінің МБҚ | | | оның ішінде ҚҰБ ноттары |
| | | ұзақ мерзімді | орташа мерзімді | қысқа мерзімді | |
| 07.03.13 | 3 128 707,31 | 2 281 050,55 | 621 464,75 | 101 325,74 | 124 866,27 |
| 15.03.13 | 3 154 591,18 | 2 281 050,55 | 641 609,66 | 102 945,43 | 128 985,53 |
| 20.03.13 | 3 137 530,44 | 2 294 050,55 | 626 609,66 | 102 945,43 | 113 924,79 |
| 29.03.13 | 3 135 862,34 | 2 304 396,29 | 626 609,66 | 102 945,43 | 101 910,95 |
| 05.04.13 | 3 117 334,35 | 2 304 396,29 | 626 609,66 | 89 404,44 | 96 923,95 |
| 12.04.13 | 3 156 273,09 | 2 318 770,63 | 639 763,80 | 89 404,44 | 108 334,21 |
| 19.04.13 | 3 110 030,48 | 2 318 770,63 | 614 627,79 | 89 404,44 | 87 227,61 |
| 26.04.13 | 3 125 386,95 | 2 331 993,01 | 614 627,79 | 89 404,44 | 89 361,70 |
| 04.05.13 | 3 111 508,05 | 2 317 893,01 | 609 627,79 | 103 007,70 | 80 979,55 |
| 10.05.13 | 3 111 508,05 | 2 317 893,01 | 609 627,79 | 103 007,70 | 80 979,55 |
| 17.05.13 | 3 139 172,23 | 2 333 540,26 | 624 187,58 | 103 007,70 | 78 436,68 |
| 24.05.13 | 3 145 838,89 | 2 340 206,93 | 624 187,58 | 103 007,70 | 78 436,68 |

## 3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ

| | 2003ж. шығарылым |
|---|---|
| Шығару кезіндегі кірістілік | 7,637 |
| 20.05.2013 | *3,112* |
| 21.05.2013 | *2,902* |
| 22.05.2013 | *3,069* |
| 23.05.2013 | *2,414* |
| 24.05.2013 | *2,382* |
| *эмиссия басынан бері* | -5,255 |
| *апта үшін* | -0,730 |



## 4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

| | БААЖ | | | БТЖ | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Саны, мың | Көлемі, млрд. теңге | Көлемінің өзгеруі, % | Саны, мың | Көлемі, млрд. теңге | Көлемінің өзгеруі, % |
| 13.05-17.05 | 305,1 | 3 566,4 | 116,34 | 507,2 | 104,5 | 186,7 |
| 20.05-24.05 | 345,0 | 4 832,6 | 35,50 | 592,3 | 107,8 | 3,1 |






# 5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ

| Индекс | Тармақтардағы мәні | | Өзгеруі | |
|---|---|---|---|---|
| | 17.05.2013 | 24.05.2013 | кезең үшін | 2001ж. желтоқсаннан бастап |
| Dow Jones | 15 354,40 | 15 303,10 | *-0,33%* | *50,96%* |
| Nikkei 225 | 15 138,12 | 14 612,45 | *-3,47%* | *38,60%* |
| DAX | 8 398,00 | 8 305,32 | *-1,10%* | *60,95%* |
| FTSE | 6 723,06 | 6 654,34 | *-1,02%* | *28,00%* |
| Hang Seng | 23 082,68 | 22 618,67 | *-2,01%* | *97,86%* |

**Dow Jones және Nikkei 225 индекстерінің динамикасы**




| Бағамы | Өзгеруі | | Өзгеруі | |
|---|---|---|---|---|
| | 17.05.2013 | 24.05.2013 | кезең үшін | 2001ж.жел.бастап |
| USD/JPY | 103,21 | 101,30 | *-1,85%* | *-22,74%* |
| GBP/USD | 1,5169 | 1,5131 | *-0,25%* | *4,26%* |
| EUR/USD | 1,2839 | 1,2934 | *0,74%* | *46,06%* |
| USD/RUR | 31,42 | 31,47 | *0,17%* | *3,20%* |




| Тауарлар | Өлшем бірлігі | Бағасы, АҚШ долл. | | Өзгеруі | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 17.05.2013 | 24.05.2013 | кезең үшін | 2001ж.жел. бастап |
| алтын | тр.ун. | 1359,6 | 1386,7 | *1,99%* | *401,23%* |
| мыс | метр.тонна | 7 274,5 | 7 269,8 | *-0,07%* | *397,77%* |
| мырыш | метр.тонна | 1 809,5 | 1 821,5 | *0,66%* | *136,10%* |
| мұнай | баррель | 104,64 | 102,44 | *-2,10%* | *404,63%* |
| астық | тонна | 250,22 | 255,55 | *2,13%* | *153,37%* |



# 6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

**Екінші деңгейдегі банктердің банкаралық қысқа мерзімді депозиттері бойынша мәліметтер**

| | Резидент банктер | | | | Резидент емес банктер | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 айға дейін | | 1 айдан астам | | 1 айға дейін | | 1 айдан астам | |
| | Орналасты р-ылған депозиттер көлемі * | Орташа алынған сыйақы ставкасы (%) | Орналасты р-ылған депозиттер көлемі * | Орташа алынған сыйақы ставкасы (%) | Орналасты р-ылған депозиттер көлемі * | Орташа алынған сыйақы ставкасы (%) | Орналастыр -ылған депозиттер көлемі * | Орташа алынған сыйақы ставкасы (%) |
| **29.04.13-04.05.13** | | | | | | | | |
| KZT | 135 950 000 | 0,53 | 0 | 0,00 | 1 000 000 | 1 | 0 | 0,00 |
| USD | 25 000 | 0,04 | 0 | 0,00 | 3 743 755 | 0,08 | 240 256 | 1,44 |
| EURO | 1 200 | 0,40 | 0 | 0,00 | 35 000 | 0,01 | 0 | 0,00 |
| RUR | 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 1 171 000 | 5,67 | 0 | 0,00 |
| **06.05.13-10.05.13** | | | | | | | | |
| KZT | 17 100 000 | 0,53 | 0 | 0,00 | 405 000 | 2 | 0 | 0,00 |
| USD | 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 1 107 164 | 0,08 | 4 830 | 11,84 |
| EURO | 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 15 000 | 0,01 | 0 | 0,00 |
| RUR | 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 1 161 000 | 5,52 | 0 | 0,00 |
| **13.05.13-17.05.13** | | | | | | | | |
| KZT | 105 100 000 | 0,58 | 0 | 0,00 | 1 680 000 | 1 | 0 | 0,00 |
| USD | 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 3 038 024 | 0,08 | 320 000 | 0,99 |
| EURO | 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 20 000 | 0,01 | 0 | 0,00 |
| RUR | 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 4 976 000 | 4,97 | 0 | 0,00 |
| **20.05.13-24.05.13** | | | | | | | | |
| KZT | 45 900 000 | 1,58 | 1 100 000 | 4,53 | 2 714 000 | 4 | 0 | 0,00 |
| USD | 25 000 | 0,04 | 0 | 0,00 | 2 798 464 | 0,08 | 38 026 | 1,70 |
| EURO | 1 000 | 0,45 | 0 | 0,00 | 10 000 | 0,01 | 0 | 0,00 |
| RUR | 0 | 0,00 | 0 | 0,00 | 6 134 000 | 4,97 | 0 | 0,00 |

**- мың валюта бірлігі*



**Биржадан тыс банкаралық валюталық операциялар (сату)**

| Кезеңдер, валюталардың түрлері | Мәмілелердің жалпы көлемі (мың валюта бірлігі) | оның ішінде резидент банктер (мың валюта бірлігі) | % * | Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен | оның ішінде: резидент банктер |
|---|---|---|---|---|---|
| 29.04.13-04.05.13 | | | | | |
| USD | 332 391 | 118 476 | 35,6 | 151,24 | 151,24 |
| RUB | 13 344 | 9 000 | 67,4 | 4,88 | 4,89 |
| EUR | 8 868 | 8 868 | 100,0 | 198,27 | 198,27 |
| 06.05.13-10.05.13 | | | | | |
| USD | 212 723 | 73 300 | 34,5 | 151,01 | 151,01 |
| RUB | 16 876 | 3 000 | 17,8 | 4,87 | 4,87 |
| EUR | 7 650 | 7 650 | 100,0 | 198,27 | 198,27 |
| 13.05.13-17.05.13 | | | | | |
| USD | 708 566 | 311 010 | 43,9 | 151,13 | 151,10 |
| RUB | 41 049 | 21 000 | 51,2 | 4,84 | 4,84 |
| EUR | 8 890 | 8 740 | 98,3 | 195,64 | 195,66 |
| 20.05.13-24.05.13 | | | | | |
| USD | 745 399 | 249 806 | 33,5 | 150,85 | 150,82 |
| RUB | 46 293 | 42 000 | 90,7 | 4,83 | 4,83 |
| EUR | 16 815 | 16 815 | 100,0 | 194,43 | 194,43 |

* резидент банктердің мәмілелерінің мәмілелердің жалпы көлеміне үлес салмағы



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы 2012 жылғы 24 желтоқсан № 376

*Тарату комиссияларының Қазақстан Республикасында таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының есептері мен қосымша ақпаратын ұсыну нысандарын, мерзімдерін және кезеңділігін және оларды толтыру бойынша нұсқаулықты бекіту туралы*

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларының қызметіне бақылауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26-қосымшаларына сәйкес Қазақстан Республикасында таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссиялары ұсынатын есептері мен қосымша ақпараттың нысандары;

2) Тарату комиссияларының Қазақстан Республикасында таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының есептері мен қосымша ақпаратының нысандарын толтыруы, оларды ұсыну мерзімдері және кезеңділігі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулының 27-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 4 ақпанда № 8321 тіркелді*

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 376 қаулысына
1-қосымша

Нысан

__________________________________________
(20__ жылғы «___»_________ жағдай бойынша таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)
**баланстан тыс шоттары бойынша есебі**

мың теңгемен

| код | Жолдың атауы | Тарату процесінің басында | Алдыңғы есептік күнге | Есептік күнге* | Өзгерістер (5 баған- 4 баған) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Шартты және ықтимал талаптар | | | | |
| 1.1 | Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал талаптар | | | | |
| 1.2 | Қабылдаған кепілдіктер бойынша ықтимал талаптар | | | | |
| 1.3 | Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңнамасына сәйкес шартты төтенше жарналары | | | | |
| 1.4 | Қаржы активтерін сатып алу бойынша шартты талаптар | | | | |
| 1.5 | Қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты талаптар | | | | |
| 1.6 | Қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты талаптар | | | | |
| 1.7 | Белгіленген пайыздық своп | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.8 | Құбылмалы пайыздық своп | | | | |
| 1.9 | Сатып алынған «колл» опционы мәмілелері | | | | |
| 1.10 | Сатып алынған «пут» опционы мәмілелері | | | | |
| 1.11 | Сатылған «пут» опционы мәмілелері - қарсы шот | | | | |
| 1.12 | Сатылған «колл» опционы мәмілелері - қарсы шот | | | | |
| 2 | Шартты және ықтимал міндеттемелер | | | | |
| 2.1 | Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал міндеттемелер | | | | |
| 2.2 | Қабылдаған кепілдіктер бойынша талаптардың ықтимал төмендеуі | | | | |
| 2.3 | Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңнамасы бойынша шартты міндеттемелер | | | | |
| 2.4 | Қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелер | | | | |
| 2.5 | Қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелер | | | | |
| 2.6 | Қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты міндеттемелер | | | | |
| 2.7 | Құбылмалы пайыздық своп | | | | |
| 2.8 | Белгіленген пайыздық своп | | | | |
| 2.9 | Сатып алынған «колл» опционы мәмілелері | | | | |
| 2.10 | Сатып алынған «пут» опционы мәмілелері | | | | |
| 2.11 | Сатылған «пут» опционы мәмілелері | | | | |
| 2.12 | Сатылған «колл» опционы мәмілелері | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2.13 | Басқа туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелер | | | | |
| 3 | Меморандум шоттары | | | | |
| 3.1 | Жалға берілген машиналар, жабдықтар, көлік және басқа құралдары | | | | |
| 3.2 | Шығынға есепке шығарылған борыштар | | | | |
| 3.3 | Міндеттемелерді қамтамасыз етуге (кепіл) берілген мүлік | | | | |
| 3.4 | Жалға алынған машиналар, жабдықтар, көлік және басқа құралдары | | | | |
| 3.5 | Түрлі құндылықтар және құжаттар | | | | |
| 3.6 | Жіберілген және есебіне берілген түрлі құндылықтар мен құжаттар | | | | |
| 3.7 | Меморандумның басқа шоттары | | | | |

Ескерту: аралық тарату балансы үшін 5 баған бойынша есептік датасы аралық тарату балансын жасау күні болып табылады.

Тарату комиссиясының
төрағасы ______________________________ ________
(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер ______________________________ ________
(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы ______________________________ ________
(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

телефоны

М.О.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 376 қаулысына
2-қосымша

Нысан

20___жылғы «___» _________ жағдай бойынша
(есептік күнге)
(таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)
**активтерінің жай-күйі туралы есебі**

мың теңгемен

| № | Көрсеткіштер | Баланстық шоттың нөмірі | Тарату процесінің басында | Алдыңғы есептік күнге | Есептік күнге | Өзгерістер | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Тарату процесінің басындағы деректермен салыстырғанда | алдыңғы есеп күніндегі деректермен салыстырғанда |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 (6 баған -4 баған) | 8 (6 баған - 5 баған) |
| 1 | Ақша | | | | | | |
| 2 | Салымдар | | | | | | |
| 3 | Бағалы қағаздар | | | | | | |
| 4 | Бағалы қағаздармен жасалатын «кері РЕПО» операциясы | | | | | | |
| 5 | Тазартылған қымбат металдар | | | | | | |
| 6 | Қайта сақтандыру активтері | | | | | | |
| 7 | Сақтандыру сыйлықақылары | | | | | | |
| 8 | Басқа дебиторлық берешек | | | | | | |
| 9 | Қарыздар | | | | | | |
| 10 | Болашақ кезеңдердің шығындары | | | | | | |
| 11 | Басқа активтер (активті) | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | Инвестициялар | | | | | | |
| 13 | Негізгі қаражаттар | | | | | | |
| 14 | Ұзақ мерзімді активтер | | | | | | |
| 15 | Материалдық активтер | | | | | | |
| Активтер жиынтығы: | | | | | | | |
| Резервтер (провизиялар) | | | | | | | |
| Теріс түзету шоты | | | | | | | |
| Есептелген амортизация | | | | | | | |

Тарату комиссиясының төрағасы ______________________ __________

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер ______________________ __________

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы ______________________ __________

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

телефоны

М.О.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 376 қаулысына
3-қосымша

Нысан

20__ жылғы «___»___________
(есептік күнге)

_______________________________ **міндеттемелерінің жай-күйі туралы есебі**
(таратылатын сақтандыру ұйымының атауы)

мың теңгемен

| № | Міндеттеме түрі | Тарату процесінің басында (кредиторлар талаптары-ның тізілімі бойынша) | Алдыңғы есептік күні | Есептік күні | Өзгерістер | | Есептік кезеңде өтелген (ай, жыл), оның ішінде | | | | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тарату процесінің басындағы деректермен салыстыр-ғанда (кредиторлар талаптарының тізілімі бойынша) | алдыңғы есеп күніндегі деректермен салыстыр-ғанда | ақша-мен | мүлік-пен | қарсы талап-тарды есепке жазумен | нотариус-тың депозитына аударым жасаумен | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 (5 баған –3 баған) | 7 (5баған – 4баған) | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 1 | Кредиторлар талаптарының тізілімі бойынша міндеттемелер: | | | | | | | | | | |
| 1.1 | Сақтандыру ұйымын тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгізілгенге дейін басталған сақтандыру жағдайлар бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөнінде | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
